

„Егін жыйнау жұмысы маусымды жұмыс, кідіртуді көтермейтін жұмыс. Егінді мезгілінде жыйнап алсаң—ұтқаның, егін жыйнау жұмысын кешіктіріп алсаң—ұтылғаның.“ (СТАЛИН).

ЕГІН ЫСЫРАПСЫЗ ЖЫЙНАЛСЫН

Ысымыздың колхоздары мен дарында быйылғы жылы және жазғы егінің шығымы жылғыдан анағұрлым артық. Эштылар мен колхозшы әйел-АТС, совхоздардың жұмысы мен жұмысшы әйелдері н соғыс талабына сай моллу үшін қажірлі еңбек істедігі міндет—бітік егінді ысыз жыйнап алу.

ен жылы кейбір колхоздар овхоздарда егін жыйнау жүі салақ жүргізіп, көп астық п болды. Қыялы астық совда жыйналған 100 гектар ың әрбір гектарынан лограмм астық ысырап болғы анықталды. Осы совхоз-кінші бір бөлімінде 500 гек-алаңдағы бидай өте нашар алған. Соның салдарынан гектардан 80 килограмм асысырап болған.

н оратын машиналар дұрыс лмаса және оларға ұқыпсыз а, көбінесе астықтың ысырап а содан туады. Бұл тәжірибе-ықталған. Әресе жапырыл-гінді орган кезде машиналар це ұқыптылықты керек етеді. нді ысырапсыз жыйнап алу әрбір егін оратын машина-жұмыс сапасын күнбе-күн, ат бақылап отыру хажет. ық комбайндар мен егін ора-жабайы машиналар дән тұт-гар мен жабдықталу керек.

лысымыздың алдыңғы қатарлы айыншылары егін ору ісінде і шеберліктің үлгілерін көр-де. Комбайнмен егін орудың ны орденді Ф. К. Плехотни- (Чистов астық совхозы) бы-ты жылы екі „Сталинец“ ком-егіні тіркеп, 1500 гектар алаң-егінін оруды міндетіне алды. котников жолдас машинасы іксіз жұмыс істеу үшін және қ ысырабы болмау үшін бір р шаралар қолданды. Өзінің айындарын „Коммунар“ ком-дағыдай етіп дән тұтқыштар және өздігінен салом шөме-лін құралмен жабдықтады.

енин атындағы МТСың ком-шысы В. Г. Андриченко мен иин атындағы МТСың ком-шысы С. Бубенко (Булаев ау-а) Ленин ауданындағы Обра-зия МТСың комбайншысы А. нова тағы басқалары да өзде-ұлғайтылған міндеттемелер л. Олар сибек өнімділігінің та-а үлгілерін көрсету жөнінде емес, сондай-ақ егін орағы нде бірде-бір масақты, бірде-дәнді ысырап қылмауға уәде ді.

СРО Халық Комиссарлары Ке-мен БК(б)П Орталық Комите-н „Егін жыйнау және 1944 жы ауыл шаруашылық өнімдерін андау туралы“ қаулысын тал-ағаннан кейін Булаев ауданы- Буденный атындағы колхозда екке жарайтын барлық колхоз-тар егін ору жұмысына түге-н шықты. Колхозшы әйелдер

егін баулауда шалғы мен егін ору шылардан қалыснауға тырысады. Ал егер егін орудың арты-нан кесілмей қалған бір масақ көрсе, оны қолмен жұлып алып бауға қосып отырады.

Соколов ауданының алдыңғы қат-тарлы колхоздарында да егін ысы-рабына қарсы күрес ойдағыдай ұйымдастырылған. Ленин атындағы колхозда соғылған егінді екінші рет соғып тексергенде, солмға дән кеткендігі байқалды. Колхоз-шылар дереу соғылған егінді екін-ші рет соқты да солом мен мекен-де бірде дән қалдырмады.

Соғылған астықты келтіру шара-ларын осы күннен бастап қолға алу хажет. Астық құрғататын орындар мен жабық қырман-дар жасаудың біздің облысымыздың жағдайында ерекше маңызы бар. Бірақ Октябрь, Приешім, Ленин және басқа аудандарда бұл іске көңіл бөлінбей отыр.

Астық әресе оны тасыған кезде көп ысырап болуы мүмкін. Сон-дықтан қаптарды жамау, астық тасыйтын жәшіктерді жөндеу ісі дереу аяқталуға тиіс. Егінді мая-лаған кезде шөмеле мен бауларды тасыйтын арбалардың асты бітеу, дән түспейтін болуы керек, және астық тасыйтын жәшіктердің түбіне кенеп не бірезент төселуі хажет.

Астықты ысырапқа ұшыратпау-дың негізгі ш а р т ы—егінді ұ-ақытында жыйнап алу. Бірақ қазір-дің өзінен бастап-ақ Приешім ау-данын колхоздарынан, егін оруды кешіктіргені туралы қара бидай әбден пісіп, қуарып, оның дәні жерге құйылып жатқаны туралы дабылдар түсіп жатыр.

ҚК(б)П Облыстық комитетінің бюросы мен облыстық кеңес аткомі осы жылы 7 августағы өзі-нің қаулысында егін ору мен мем-лекетке астық тапсырудың алғаш-қы күндерінде-ақ елеулі кемші-ліктер болғанын атап көрсетті. Приешім, Октябрь және Совет аудандық партия комитеттері мен кеңес аткомдары колхозшылар бұхарасының, МТС қызметкерлері мен мамандарының өндірістік өрле-уін басқармады, оларды егінді ысырапсыз, тұжырымды мерзімде жыйнап алу ісіне жұмылдыра ал-мады.

Қазір жұмысты бір сағат баяу-латуға болмайды. Комбайндарды толық пайдалану, барлық жабайы машиналарды жұмысқа қосу, бар-лық жерлерде егінді қолмен ору ісіне кеңінен өрістету хажет.

Егінді тұжырымды мерзімде жыйнау, егін даласында бірде-бір дән қалдырмау—облыс еңбекшіле-рінің айбынды міндеті. Қосымша жыйналған астықтың әрбір кило-граммы—батыр Қызыл Армиямыз-дың неміс басқышыларға ақырғы рет күйрете соққы беруіне көмек-тесетіндігін естен шығармау керек. Астық үшін күрес—жеңісіміз үшін күрес!

Кеңес Хабаршы бюросынан 11 АВГУСТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

ПСКОВ қаласының батыс және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз тағы да шабуылға шығып, дұшпанның қорғану шебін бұзып өтті және 25 километрдей алға басып, бұзылған жердің егін майдан бойына 70 километр-дей кеңейтті. Шабуыл ұрыстарының барысында әскерлеріміз Эстон КСРның уезд орталығы—ПЕТСЕРИ (ПЕЧЕРЫ) қаласын алды, сол сыяқты 200ден аса басқа да елді жерді, оның ішінде ЛИТОВИЧИ, ИВАНОВО БОЛОТО, РАГУЗИ-НА, ВЬИМОСКИ, ҚЮЛЛАТОВА, ОБИНИТСА, ВАСЛАМЯЭ, ЛИЦЫ, КУКСИНА, МЕКСИ, ВИТКА, ТИЙЛИКЕ, ЛЕЙМАНИ, СТУКОЛОВА қыстақтары мен ЛИЙВА-МЯЭ, ПЕТСЕРИ темір жол станцияларын ұрыспен алды.

КРУСТПИЛС қаласының (батыс Двина бойында) батыс жағында әскер-леріміз шабуыл жасай отырып, 50ден аса елді жерді, оның ішінде РОЖИ, РАЦЕНИ, ВАРЕНБЮКАС, БЛИНТИ, ГРАВЕНДӨРИ, ВАРТУНИ қыстақтары мен СУНАКСТӨ, СВИЛИ темір жол станцияларын ұрыспен алды.

БЕЛОСТОК қаласының солтүстік-батыс және батыс жағында әскерлері-міз шабуыл ұрыстарын жүргізді, бұл ұрыстардың барысында 150ден аса елді жерді, оның ішінде ЯГЛОВО, ЗАБЕЛЕ, БЖОЗОВО, МИКИЦИН, ВРОЦЕНЬ, ШЛЯХ-ТА, ЛУПИХИ, ДУДКИ, БОГУШОВО, ТЫКОЦИН, ЛИШНИКИ, ЦЕШИМЫ, Ч. ИКИ үлкен қыстақтары мен КНЫШИН темір жол станциясын алды.

СЕДЛЕЦ қаласының солтүстік және солтүстік-батыс жағында әскерле-ріміз ұрыспен алға басып, 100ден аса елді жерді, оның ішінде КОССАКИ, ЛЮМНА, ТЕЛЯКИ, ГЖИМАЛЫ, КОССУВ-РУСКИ, БРОТНУВ, МЕДЗНА, ТХУЖЕ-ВА, СТАРАВЕСЬ, КОРЫТНИЦА, ПНЕВНИК, ДОБРЕ, РАКОВЕЦ, РУДЗЕНКО үлкен қыстақтары мен КОССУВ-РУСКИ темір жол станциясын алды.

САНДОМИР қаласының батыс жағында әскерлеріміз дұшпанның жаяу әскерлері мен танктерінің қарсы атакаларын тойтарып, ВИСЛА өзенінің сол жақ жағалауындағы табан тірейтін шебін ұлғайту үшін ұрыстар жүргізуде болды.

Майданның басқа учаскелерінде айтарлықтай өзгеріс болған жоқ. 10 августа әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 50 танкін қый-ратты, жойды. Өуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 29 самолеті атып түсірілді.

* * *

Псков қаласының батыс және оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз тағы да ша-буыл бастады. Қуатты артиллерия әзірлі-гінен кейін, таңертең кеңес жаяу әскерлері атакаға шықты. Бекіністерде отырған не-містер қатты қарсылық көрсетті. Жауын-герлеріміз дұшпан тұрған жерге басып кі-ріп, немістерді бекіністері мен траншеяла-рынап қуып шығарды. Кеңес әскерлері не-містерге еселеп соққы бере отырып, 25 ки-лометрдей алға басты. Н. құрамасының бө-лімдері немістердің 30-жауа әскер дивиз-иясының талқандалынған бөлімдерін өкше-лете қудалай отырып, немістердің маңыз-ды тіректі бекінісі—Петсери (Печеры) қа-ласын алды. Толық емес мәлімет бойынша, 1500дей гитлершіл, дұшпанның 16 зеңбі-регі, 15 минометі мен 30 пулеметі жойыл-ды. Жаудан 8 танк, 59 зеңбірек, 14 ми-номет, 42 пулемет пен 4 радио станция-сы және соғыс мүлкі тиелген бірнеше үл-кен складтар қолға түсірілді. Немістердің 300ден аса самолеті мен офицері қолға тү-сірілді.

* * *

Крустпилс қаласының батыс жағында Н. құрамасының бөлімдері шабуылды кү-шейте отырып, немістерді бірсыпыра елді жерден қуып шығарды. Ұрыс даласында жаудың 600дей өлігі қалды. Кеңес жаяу әскерлері дұшпанның қарсылығын және көптеген инженерлік бөгеттері мен миналы алаңдарын жеңе отырып, 10 километр алға басты да Виесите өзенінің бүкіл обойынан өтті. Әскерлеріміз қауырт қыймыл жасап, кеңес бөлімдерінің шабуылын тоқтатпақ болған немістердің әрекетін іске асырмай тастады. Бір жерде немістердің екі ба-тальоны қарсы атакаға шықты. Тоғай іші-де болған ұрыста бұл екі батальонның еке-уі де талқандалды. Ажалдан аман қалған гитлершілдер тоғай ішіне бет-бетімен зытты.

* * *

Белосток қаласының солтүстік-батыс жа-ғында Н. құрамасының бөлімдері кескілес-кен ұрыстардан кейін Бжозувка өзенінің бірсыпыра жерінен өтті. Бұл өзеннің батыс жағалауына дұшпан қуатты қорғану шебін жасады. Кеңес жаяу әскерлері зеңбіректер-дің көмегімен немістердің қорғану шебін бұзып өтіп, 15 километр алға басты. Екін-ші-бір жерде немістер қарсы атакаға шық-ты. Кеңес зеңбірекшілері мен минометшіле-рі жауға нөсерлете оқ жаудырды. Жау ұрыс даласында солдаттары мен офицерле-рінің 700 өлігін, қыйраған 8 зеңбірегі мен 12 минометін қалдырып, тозғындай кері шегінді.

Кеңес бомбашылары мен штурмашылары Лик және Прошткен (Шығыс Пруссияда) темір жол станцияларына ойдағыдай ша-буыл жасады. Лик станциясында дұш-панның темір жол эшелоны мен безин қоймасы өртенді. Прошткен станциясында 5 жерде үлкен өрт шықты. Қушті взрыв-тар болды.

* * *

Седлец қаласының солтүстік және сол-түстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл жасауда болды. Модгана, Вротнув және Коссув-Руски қыстақтары төңірегінде кескілескен ұрыстар болды. Кеңес жауын-герлері дұшпанның қарсылығын жеңіп, не-містердің қарсылық жасайтын тораптарын алды. Жаудан оқ-дәрі қойылған үлкен клад қолға түсірілді. Екінші бір жерде әскерлеріміз жауға тұтқыйылдан соққы-еріп, қолайлы шертті алды. Бұл ұрыстарда СС «Викинг», «Кубастар» дивизияларының бөлімшелері орасан көп шығынға ұшырады. Кеңес жауынгерлері жаудың 3 танкін, өз-дігінен жүретін 2 зеңбірегі мен танкке қарсы ататын 14 зеңбірегін қолға түсірді. Жаудан адамдар қолға түсірді.

* * *

Сандомир қаласының батыс жағында әс-керлеріміз дұшпанның қарсы атакаларын тойтара отырып, Висланың сол жақ жағалауындағы табан тірейтін шебін ұлғайту үшін қатты ұрыстар жүргізді. Екінші бір жерде дұшпанның 50 танкі мен жаяу әскерлері қарсы атакаға шықты. Ке-ңес зеңбірекшілері мен бронезуушылары немістердің 14 танкі мен 11 бронетранс-портерін жойды. Дұшпан кері шегінуге мәжбүр болды. Н. құрамасының бөлімдері бір күнде жаудың жеті қарсы атакасын тойтарды.

2-Белорус майданының әскерлері неміс армиясының орталықтағы әскер тобының қолбасшысы генерал-фельдмаршал Мо-дельдің 1944 жылғы 31 июльде жазған бұйрығын қолға түсірді. Бұйрықта былай-делінген: «Солдаттар! Дұшпан шығыс-Пруссия шекарасында тұр. Әр кім қазіргі кезінің талабын терең түсінуі хажет. Танктерден, қоршауда қалудан қорқу, рет-сіз кері шегіну тағы сол сыяқтылар ексе-міздің түскендігін, үрейленушіліктің болып отырғандығын көрсетеді, неміс солдаттарының жүрегінде өңсе түсушілік пен үрейленуші-лікке орын болмауға тиіс. Өткендегі басым күшімізді еске түсірейік. Қорқақтарға ара-мызда орын жоқ. Қымда—ды тұрақсыз бол-са, ол өледі.

Астық үшін күрес—жеңісіміз үшін күрес

Ауданда бірінші

Соколов ауданындағы «Сталин жолы» ауыл шаруашылық артелі (председателі Жәмшитов жолдас) ауданда бірінші болып қара бидай оруды аяқтады. Қара бидай оруды Бекжанов, Көшербаев, Мамаев және Татанов сияқты колхозшылар қажірлі еңбек істеді. Олар жұмыс мөлшерін үнемі 140—160 процентке дейін орындап отырды.

Қазір бұлар егін соғуға кірісті. Алғашқы соғылған астық дереу мемлекетке жөнелтілді.

Колхоз қазір күздік егіс егуге кірісіп, оны майдандағыша жүргізуде. Күздік егуді «Победа» және Ленин атындағы ауыл шаруашылық артельдері де бастады. Алғашқы күні «Победа» колхозында—12 гектар, Ленин атындағы колхозда—10 гектар күздік егіс егілді.

М. ЕГІЗБАЕВ.

Егін ору нашар ұйымдастырылған жерде

Совет ауданындағы «Сартомар» ауыл шаруашылық артелі (председателі Әубәкіров жолдас) қара бидай оруды өткен жылдағыдан анағұрлым жақсы әзірлікпен кірісіп, осының нәтижесінде колхоз 89 гектар қара бидайды қысқа мерзімде орып болды. Мұның 71 гектарын бастырып, мемлекетке 1020 пұт қара бидай тапсырды. Астық дайындау орнына астық тасуда коммунист Ақанов жолдас басқарған звеноның мүшелері қажірлі еңбек істеп жүр.

Қара бидай ору және алғашқы соғылған астықты мемлекетке тапсыру «Кенес» ауыл шаруашылық артелінде де ойдағыдай жүріп жатыр. Бұл колхозда орылған 57 гектар қара бидайдың 30 гектары комбайнмен жыйналып, мемлекетке 420 пұт астық тапсырылды. Жұмыста Жұсыпова, Иващенко жолдастар стахановша еңбек істеуде.

Қара бидайды ору, мемлекетке астық тапсыру Қыялы астық совхозында бұдан тіпті өзгеше жағдайда. Совхоз директоры Бобылев жолдас астық «қара бидай толық пісті» деп даурыққанына бірсыпыра уақыт өтті. Бірақ ол әлі даурықпалы думаннан арыла алмай жүр. Совхозда 2200 гектар қара бидай пісті, олар енді бір 5—6 күн сабақта тұрса, дәнінің құйылып түсу қаупі бар. Алайда, оны дереу ору совхозда өріс алмай келеді. Осы күнге дейін 12 комбайнмен 28 гектар ғана қара бидай орылды, ал 12 комбайн мөлшер бойынша бір күнде 216 гектар егін оруды тиіс еді. Мұның мәнісін Бобылев жолдас, «жауын болып тұр, жер саз» деумен түсіндіргісі келеді.

Астық жыйнауға және астық дайындауға бұлай басшылық жасау—отан алдында қылмыс істеу болып саналады.

К. ЖАҚЫПОВ.

Барлық күш бірінші парызды өтеуге жұмсалуда

ПОЛУДЕНЬ. (Өз тілшімізден) Одақтық Халық Комиссарлары Кеңесі мен БК(б)П Орталық Комитетінің және ҚК(б)П Орталық Комитеті XI пленумының «Егін жыйнау және 1944 жылы ауыл шаруашылығының өнімдерін дайындау туралы» қаулысы Полудень ауданы колхозшыларының арасында өндірістік өрлеу туғызды. Колхозшы шаруалар қаулыны талқылағаннан кейін қара бидай ору жұмысына жаппай жұмылды. Осының нәтижесінде қазір ауданның 5 колхозы қара бидай ору жоспарын орындап тын отыр, ал бірнеше колхоздар жоспарды орындауға жуық отыр.

«Қазақ» ауыл шаруашылық артелі (председателі Мухамедияров жолдас) қара бидай оруды бірінші болып кіріскен еді. Бұл колхозда алғашқы күндерден бастап, егіншілер арасында еңбек дұрыс ұйымдастырылды, колхозшылар арасында социалистік жарыс кеңінен өрістетілді. Осының нәтижесінде бұл колхоз қара бидай оруды бірінші болып бастап, бірінші болып аяқтады.

Астық тасу үлгілі ұйымдастырылсын

БУЛАЕВО (Өз тілшімізден). Соңғы күндерде Булаев ауданының алдыңғы қатарлы колхоздары егінді дереу бастырып, мемлекетке астық тапсыру қарқынын өрістетті.

Ауыл шаруашылық жұмыстарын жүргізуде «Гигант» колхозы (председателі Горбынь жолдас) алда келеді. Мұнда қара бидайды ору, орылған қара бидайды бастыру жұмысы жақсартылып, соғылған астық дереу мемлекетке тапсырылуда. Бұл колхоз мемлекетке 2094 пұт астық өткізді.

«Победа» ауыл шаруашылық артелі де (председателі Личинский жолдас) мемлекетке астық тапсыру жұмысын өрістетті. Бұл колхоз мемлекетке 920 пұт астық тапсырды.

Мемлекетке астық тапсыру жұмысын совхоздар да қызу жүргізуде. Алғашқы 2—3 күнде астық дайындау орнына Қарағанды совхозы—318 пұт, Чистов совхозы—720 пұт астық жөнелтті.

Алайда, мемлекетке 1842 центнер ғана астық тапсырды. Бұл орылған қара бидайдың әрбір гектарына 3,5 центнерден ғана келеді. Ал қара бидайдың әрбір гектары 12—13 центнер, кей жерлерде 15 центнерден өнім берді.

Істің жөйі әресе «Красное знамя» ауыл шаруашылық артелінде нашар болып отыр. Бұл колхоздың қырманында 300 центнер дей астық мемлекетке тапсырылмай босқа жатыр. Мұнда мемлекетке астық тапсыруға небары 10 ғана көлік бөлінді. Колхоз басшылары «астық дайындау орны алшақ үлгіре алмай жатырмыз» деп, бөгде себепті бетке ұстайды. Осы сияқты Ұзынкөл астық совхозының қырманында да 1500 центнерден аса астық мемлекетке тасылмай жатыр. Совхоз директоры Мезенцев және партия ұйымының секретарі Вагазов жолдастар мемлекетке астық тапсыруды соғыс қарқынымен ұйымдастыру орнына «көлік жоқ» дегенді айтады.

Возвышен астық совхозында (директоры Титов, партия ұйымының секретарі Моложенцева жолдастар) істің жайы бұдан да нашар болып отыр. Мұнда қырмандағы жүздеген центнер астықтың бірде-бір дәні астық дайындау орнына тасылған жоқ.

Аудандағы кейбір колхоздар мен совхоздардың басшылары астық тапсыру ісін кідіртуін аудан басшылары сеземектен.

Аудандағы кейбір колхоздар мен совхоздардың басшылары астық тапсыру ісін кідіртуін аудан басшылары сеземектен.

Италиядағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 10 август. (ТАСС). Италиядағы Одақтастар әскерлерінің штабы, Флоренцияның шығыс жағында Англияның 8-армиясы бөлімдерінің Понтассиевенің оңтүстігіндегі тауларда душпанның қарсылық жасайтын торабын жою үшін қыймылдар жасағандығын хабар етті. Бірнеше маңызды биіктер душпанның тазартылды. Урыстар болып жатыр. Майданның басқа жерлерінде бұрынғыдай күзет әскерлерінің қыймылдары ғана болды. Одақтастардың ауыр бомбалаушы авиациясы кеше Дьер (Бенгрияда) мен Текельге (Будапешт маңында) шабуыл жасады.

Одақтастардың самолеттері Бортары (Югославияда) темір жол станциясына, аэродромдарға, көпірлерге және ұрыс аудандары мен Югославиядағы душпанның басқа да соғыс орындарына шабуыл жасады. Өткен түні одақтастардың бомбалаушы авиациясы Плоештіндегі (Румынияда) соғыс орындарына шабуыл жасады.

Югославиядағы ұрыстар

ЖЕНЕВА, 10 август. (ТАСС). Югославия Халық-Азаттық армиясының жоғарғы штабы, Сербия мен Черногорияда душпанның адам күші мен техникасы жағынан орасан зор шығынға ұшырағанын хабар етті. Черногорияда Плав қаласы, орталық Боснияда, Приявор қаласы алынды.

Лескевантың батыс жағында болгар әскерлерінің ірі күштеріне қарсы қатты ұрыстар жүргізіліп жатыр.

Македонияда Халық-Азаттық армиясының бөлімдері Югославия-Греция шекарасынан өтіп, грек отанышыларының бөлімдері мен бірге Грецияның ірі өнеркәсіп орталығы, маңызды жолдар торабы—Эдесса (Водена) қаласына басып кірді.

Тынық Мұхиттағы соғыс қыймылдары

Америка әскерлері Гуам Аралын толық алды

ЛОНДОН, 10 август. (ТАСС). АҚШтың Тынық Мұхиттағы флоты командованиясінің штабы, Америка әскерлерінің Гуам аралын, шығыс жағалауда Пальке жақын жердегі кішкене аудандан басқасын толық алғандығын хабар етті. Қоршаудағы жапон әскерлері жойылуда. Аралдың солтүстік жағалауын күзетуші одақтастардың кемелері жапонның қоршаудан шығу үшін жасаған әрекеттерінің бәрін дерлік іске асырмай тастады.

ПАВЛОВ пен КОРНИЛОВТЫҢ Түрмеден босатылуы

АНКАРА, 8 август. (ТАСС). Павлов пен Корнилов бүгін түрмеден босатылды. Бұл түрмеге олар, Гитлер елшісі Фон Панциге «қастық жасады»-мыс деген іс жөніндегі Түрк сотының үкімі бойынша жабылған болатын.

Июль айында жүк тасу жоспары артығымен орындалды

Өзен транспорттың жұмысшылары Қызыл Армияның тамаша жеңістерімен жігерленіп, майданға жүк және өнеркәсібіне ауыл шаруашылық өнімдерін жеткізу жоспарын ойдағыдай орындауда. Июль айының жүк тасу жоспары 103,2 процент, жүк түсіру жоспары 101,1 процент орындалды.

Өзен тасымал жолдарының қызметкерлері июльде аса маңызды жүктерді тасу жөніндегі жоспарды үлгілі орындап шықты. Быйыл су қатнасы арқылы жүк тасу жоспары өткен жылға қарағанда елауір ұлғайтылды. Жүк тасу жөніндегі жеті айлық жоспар да толық орындалды.

Қазірде өзен тасымал жолдарының қызметкерлері күзді күні жүк тасу маусымына қызу әзірленуде. Кешікпей астық және овощ тасылмақ. Быйыл әресе астықты түкпірдегі пункттерден өзен арқылы тасу жұмысына ерекше назар аударылады. Қазір мекемелерді, пристань жабыдықтарын жөндеу жұмысы жүргізіліп жатыр. (ТАСС).

Село оқытушылары үшін тынығу үйі

Ленинградта оқытушылар үйі жанынан облыстық бастауыш және орта мектептерінің оқытушылары үшін тынығу үйі ашылмақ. Мұнда бір мезгілде 100 адам тынығатын болады. Оқытушылар Юсуп Сарайының ең жақсы бөлмелерінде тынығады.

Жауапты редактордың орынбасары К. ӘЛІМБАЕВ.

ҮГІТ-НӘСИХАТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ

Петропавлда үгіт-нәсихат қызметкерлерінің облыстық мәслихаты болып өтті. Оған ҚК(б)П аудандық үгіт-нәсихат бөлімдерінің, партия оқу үйлерінің меңгерушілері, штаттағы насихатшылар, аудандық комсомол комитетінің екінші секретарьлары мен аудандық газеттердің редакторлары жатысты.

«ҚК(б)П XI пленумының қортындылары және облыс партия ұйымдарының міндеттері» туралы ҚК(б)П обкомінің секретарі Нечаев жолдас баяндама жасады. Баяндамашы, колхоз, совхоздардың егін даласындағы өндірістік өрлеуді сыпаттайтын мысалдар келтірді. Колхозшылар МТС, совхоздардың жұмысшылары қазірде бітік егінді қысқа мерзімде жыйнап алып, мемлекетке беретін астықты дер кезінде тапсыру үшін барлық күш жігерін жұмсауда. Бұл жұмыста үгіт-нәсихат қызметкерлері де аз еңбек сіңіріп отырған жоқ. Олар үгіт-көпшілік жұмысын мейлінше өрістетіп, колхозшыларды белсене еңбек істеуге, «ейтіп майдан мен елімізді азық-түлікпен, ал өнеркәсібін шикізатпен үдіксіз қамтамасыз етуге жұмылдыруда.

Нечаев жолдас партия және комсомол қызметкерлерін идеялық саяси рухта тәрбиелеу ісіне ерекше назар аударды.

Бұдан әрі Нечаев жолдас ауыл-селодағы үгіт-нәсихат жұмысында кездесіп отырған кемшіліктерге тоқталды. Нечаев жолдас егін жыйнау жұмысындағы міндеттерді айта келіп, мынаны мәлімдеді:

—Егін жыйнау және ауыл шаруашылық өнімдерін әзірлеу жұмыстарының ойдағыдай жүргізілуі колхозшылар арасында үгіт-көпшілік жұмыстарының, үлгілі жолға қойылуына байланысты. Үгіт коллективтерінің жұмысы жақсартылып, басшы қызметкерлерден колхозшылар арасында баяндама жасау талап етілетін болды, партия және комсомол қызметкерлерінің оқуын ұйымдастырып, олардың білімін көтеру хажет.

Мәслихатқа қатынасшылар ҚК(б)П Октябрь аудандық комитетінің үгіт-нәсихат бөлімінің меңгерушісі Осьминкин, ҚК(б)П Мамлют аудандық комитеті партия оқу үйінің меңгерушісі Кияница және Приешім аудандық комсомол комитетінің екінші секретарі Безуглова жолдастардың қосымша баяндамаларын тындады.

Баяндама мен қосымша баяндамалардан кейін жарыс сөз қызды. ҚК(б)П Булаев аудандық комитетінің үгіт-нәсихат бөлімінің меңгерушісі Гусев жолдас мынаны мәлімдеді:

—Соңғы уақытта ауданның колхоздары мен совхоздарында көпшілік-үгіт жұмысы ойдағыдай өріс алды. Алайда үгіт-көпшілік жұмысында елеулі кемшіліктер болып отыр. Мәселен радио хабарландыру орнының жұмысы жақсартылмай келеді. Сол сияқты жұртшылыққа газеттерді тарату ісі де айтарлықтай емес.

ҚК(б)П Совет аудандық комитеті үгіт-нәсихат бөлімінің меңгерушісі Құдайбергенов жолдас, ауданда көпшілік-саяси жұмысының ойсыраған олқылыққа ұшырағандығын айтты. Ауданның басшы қызметкерлері жұмыстың бұл саласына жеткілікті назар аудармай келеді. Партия оқу үйінің жұмысы тіпті нашар, мұнда ешқандай жұмыс жүргізілмейді. Көпшілік-саяси жұмыстарын жүргізуде облыстық партия комитетінен де нақтылы басшылық жасау болмай отыр. Үгіт-нәсихат бөлімінің пұсқаушыларының ауданға келгендері тек мәлі-

мет жыйнаумен ғана шұғылданады.

Пресов ауданында 62 үгіт коллективі, онда 500ден аса үгітші бар,—деді ҚК(б)П аудандық комитеті үгіт-нәсихат бөлімінің меңгерушісі Каргаполова жолдас,—алайда олардың жұмысы жоғары дәрежеде емес. Штаттағы нәсихатшы да өзінің негізгі жұмысы мей шұғылданбайды.

Буденный атындағы совхоздың партия ұйымының секретарі Зичиняев жолдас Пресов аудандық партия комитетінің совхоздардың партия ұйымдарына ойдағыдай басшылық жасай алмай отырғандығын айтты өтті.

Хамидуллин («По Сталинскому Пути», Газетінің редакторы), Севостьянов (ҚК(б)П Петропавл қалалық комитеті үгіт-нәсихат бөлімінің меңгерушісі), Беев (облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі) жолдастар тағы басқалары жарыс сөзге шығып сөйледі.

Мәслихаттың соңында ҚК(б)П обкомінің үгіт-нәсихат жөніндегі секретарі Пильгук жолдас ұзақ сөз сөйлеп, үгіт-нәсихат жұмысындағы жетістіктерге тоқтаумен бірге, бұл жұмыстағы елеулі кемшіліктерді де атап көрсетті. Пильгук жолдас кейбір аудандық партия комитеттерінің жұмысын қатты сынады.

—Қазірде,—деді Пильгук жолдас—үгітшілер өздерінің жұмыстарын егін және трактор бригадаларының басына барып жүргізуге тиіс. Үгіт жұмысының барлық түрлері—әңгіме өткізу, дауыстап газет оқу, жауынгерлік листоктар мен қабарға газеттерін шығару майдандастардың қатарын оқып талқыдау, кенінен жүргізілуі керек. Үгіт-нәсихат қызметкерлерінің айбынды міндеті-колхозшыларды, МТСтар мен совхоздардың жұмысшыларын егінді қысқа мерзімде ысырапсыз жыйнап алып Қызыл Армия мен елімізді ауыл шаруашылық өнімдерімен қамтамасыз етуге жұмылдыру.